

Орман қоры санаты жерінің жекелеген учаскелерін елді мекендер жері санатына ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 381 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Орал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» және «Январцев орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемелерінің орман қоры жерінен жалпы алаңы 148,6 га жер учаскелері елді мекендер жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтеуді қамтамасыз етсін және алынған сүректі көрсетілген мекемелердің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 1

с ә у і р д е г і

№

3 8 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Орман қоры жерлері санатынан елді мекендер жерлері санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы , гектаров	Оның ішінде:		
		орман көмкерген	А у ы л шаруашылығы алқаптары	өзге жерлер
Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Орал орман және	131,1	116,5		14,6

жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесі			-	
Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Январцев орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесі	17,5	17,5	-	
Всего:	148,6	134,0	-	14,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ